

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 6-18-4 "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 8-3-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 мамырда № 7504-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Айыртау аудандық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері туралы" 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 6-18-4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4695 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 510-бабының 1-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:";

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерінен басқа, Салық кодексінің 505, 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері елу пайызға арттырылсын.";

көрсетілген шешімнің 2-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының
төрағасы *Г. Абулкаирова*